ҚОҒАМ

БІРТҰТАС, ДӘЙЕКТІ ЛОГИСТИКАЛЫҚ ТІЗБЕК ҚҰРЫЛУДА

2-бетте

АЙМАҚ

СЫР ӨҢІРІНДЕГІ ЖИҺАЗ ӨНДІРІСІНІҢ КӨШБАСШЫСЫ

3-бетте

АҚПАРАТ

ШЕКАРАДА ТЕМЕКІ КОНТРАБАНДАСЫ ТОҚТАТЫЛДЫ

4-бетте

www.salyq-gazet.kz

SALYQ TÁRTIBI

Газет 1994 жылғы наурыздан шығады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

saltar61@mail.ru

№85 (1944) 24 шілде 2025 жыл

ПРЕЗИДЕНТ



РЕВОЛЮЦИЯ КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Мысыр Президентіне құттықтау жеделхатын жолдады.

Президент Әбдел Фаттах Ас-Сиси мен оның отандастарын Мысыр Араб Республикасының ұлттық мейрамы – Революция күнімен құттықтады. Мысыр елінің одан әрі өркендей беруіне тілектес екенін жеткізді.

Сондай-ақ қос халықтың игілігі үшін екіжақты және көпжақты форматтағы қарым-қатынас алдағы уақытта да арта түсетініне сенім білдірді.

AKORDA.KZ.

ИНВЕСТИЦИЯ

ИМПОРТҚА ТӘУЕЛДІЛІКТІ ТӨМЕНДЕТЕТІН ЖОБАЛАР

Шымкент қаласында өндірістік салада жаңа серпін байқалады. Жуырда қала әкімі Ғабит Сыздықбековтің қатысуымен мегаполисте үш жаңа өндіріс орны іске қосылды. Бұл жобалар өңірдің экономикалық әлеуетін арттырып, жүздеген адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр.

Алғашқы жоба – «BIK Kanc» ЖШС кеңселік қағаз шығаратын өндіріс орны. Ол «Оңтүстік» арнайы экономикалық аймағында орналасқан. Кәсіпорын «А4» және «А3» пішіміндегі қағаз өнімдерін өндіреді. Жобаның алғашқы кезеңіне 500 миллион теңге инвестиция салынған. Өндірістік қуаты – жылына 2,8 миллион қорап. Компания алдағы үш жылда екінші кезеңін іске қосып, өндірісті ұлғайтуды жоспарлап отыр. Оның құны–1 миллиард теңге. Қазірдің өзінде 40 адам еңбекпен қамтылған. Компания басшысы Әйгерім Балғымбекованың айтуынша, бұл жоба Қазақстанның кеңселік қағаз өнімдеріндегі шетелге тәуелділігін азайтуға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, бюджетке түсетін салық көлемі ұлғайып, жергілікті тұрғындарға табыс көзі пайда болды.

Екінші жоба – ЖК «ZeineP» компаниясының дезинфекциялық және химиялық құралдар шығаратын өндірісі. Бұл кәсіпорын да «Оңтүстік» арнайы экономикалық аймағында орналасқан. Жоба құны – 600 миллион теңге. Кәсіпорын жылына 10 мың тонна өнім шығаруға қауқарлы. Өндіріс орнында 80 адам тұрақты жұмыс істейді. Компания өнімдерін ішкі нарықпен қатар, ТМД елдеріне экспорттауды көздеп отыр. Кәсіпорын басшысы Ғазиз Уалихановтың пікірінше, жобаның маңыздылығы тек экономикалық тиімділікпен шектелмейді. Бұл – отандық өнімді дамыту, импортқа тәуелділікті азайту және ішкі нарықты сапалы өніммен қамтамасыз ету жолындағы маңызды қадам. Сонымен қатар, ол ғылыми ізденістің, технологиялық жаңашылдықтың, сапа мен бағадағы бәсекеге қабілеттіліктің басты рөл атқаратынын айтты. Оның пікірінше, мемлекет ұсынған салықтық және инфрақұрылымдық жеңілдіктерді тиімді пайдалана отырып, отандық өндіріс шетелдік өнімдермен бәсекеге төтеп бере алады.

Үшінші жоба – «Sauran Bricks» ЖШС автоклавты газды бетон өндіретін жаңа зауыт. Бұл өндіріс орны «Жұлдыз» индустриялық аймағында бой көтерген. Жобаның жалпы құны – 7,8 миллиард теңге. Қытайлық KEDA компаниясының заманауи және автоматтандырылған технологиясымен жабдықталған зауыт жылына 200 мың текше метр өнім шығара алады. Құрылыс толық аяқталып, өндіріс іске қосылды. Толық қуатында жұмыс істеген кезде зауытта 150 адам үш ауысыммен тұрақты еңбек ететін болады. Зауыт басшысы Қайсарбек Махамбеттің айтуынша, Шымкенттегі құрылыс қарқынының артуы сапалы құрылыс материалдарына сұранысты арттырып отыр. Бұл өндіріс осы қажеттілікті өтеуге бағытталған.

Жалпы алғанда, іске қосылған бұл үш жоба өңірлік экономиканы әртараптандыруға, импортқа тәуелділікті төмендетуге, салық түсімін арттыруға және халықты жұмыспен қамтуға мүмкіндік беріп отыр. Отандық өндірістің дамуы тек бір өңірдің емес, тұтас ел экономикасының тұрақты әрі орнықты дамуына жол ашады.

Н. ҒАЛЫМ.
Шымкент қаласы.

АППАРАТТЫҚ КЕҢЕС

ҚҰРЫЛЫС САЛАСЫНДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ЖАН-ЖАҚТЫ САРАЛАНДЫ

Жамбыл облысының әкімі Ербол Қарашөкеевтің төрағалығымен өткен кезекті аппараттық кеңесте өңірдегі құрылыс жұмыстарының қарқыны мен салада туындап отырған өзекті мәселелер жан-жақты сараланды.

Құрылыс басқармасының басшысы Ерлан Орынбаевтың хабарлауынша, облыста барлығы 181 нысанның құрылысы жүріп жатыр. Оның ішінде 137 нысан жыл соңына дейін пайдалануға берілмек. Қалған 44-і келесі жылға өтпелі ретінде қарастырылған. Бүгінге күнге дейін 30 нысан ел игілігіне тапсырылды. Атап айтқанда, 3 мектеп, 3 денсаулық сақтау нысаны, 12 инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым жобасы, 3 мәдениет үйі, сондай-ақ 8 тұрғын үй мен 1 «Жайлы мектеп» пайдалануға берілді. Жыл соңына дейін 11 білім беру, 6 денсаулық сақтау, 4 спорт және 9 мәдениет нысаны ашылады деп күтілуде. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасына биыл 13,5 миллиард теңге қарастырылып отыр. Жыл соңына дейін 3 мектептің құрылысын аяқтау жоспарлануда.

Ауылшаруашылығы саласында 5 маңызды жобаны жүзеге асыру үшін 1,1 миллиард теңге бөлінді.

2025 жылдың алғашқы 6 айының қорытындысы бойынша құрылыс жұмыстарының көлемі 11,5 пайызға орындалды. Осы мерзімде 317,7 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді.

Биыл кезекте тұрған азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз етуге 36 миллиард теңге бөлінді. Бұл қаражаттың нәтижесінде 3805 адам баспаналы болады, оның ішінде 1865 азамат – халықтың әлеуметтік осал топтары санатына жатады. Атап айтқанда, 14,5 миллиард теңгеге 2550 пәтерлік 52 көпқабатты тұрғын үй салынса, оның 50-ін (2390 пәтерлі) жыл соңына дейін аяқтау жоспарлануда. Бұдан бөлек, әлеуметтік осал санаттағы азаматтарды қолдау мақсатында республикалық бюджет есебінен 21,5 миллиард теңгеге 1415 жалға берілетін пәтер сатып алынбақ.

Облыс әкімі өз сөзінде құрылыс жұмыстарының сапасы мен мерзіміне қатысты жүйелі мәселелердің бар екенін баса айтты. Осыған байланысты өңір басшысы жобалық-сметалық құжаттамаларды әзірлейтін компаниялардың жауапкершілігін заң аясында қарастыруды тапсырды.

– Құрылыс, күрделі жөндеу және қайта жаңғыртуға қатысты жобалық-сметалық құжаттар сәулет және қалақұрылысы басқармасына қарасты «Арт бюроның» мұқият сараптамасынан өтуі қажет, – деді Ербол Қарашөкеев. – Бұл құрылым бюджет қаражатын тиімді игеруге және жобалық құжаттарды негізсіз қымбаттатуға жол бермеуге тиіс.

Сонымен бірге, құрылыс жұмыстарының мерзімінен кешігуіне байланысты екі негізгі себепті атап өтті.

– Құрылыс жұмыстарының кешігуіне көбіне кеш қаржыландыру немесе сот шешімінің негізінде тоқтатылуы себеп. Жылдық жоспарлау нақты жүргізіліп, мүмкіндігінше мемлекеттік сатып алу рәсімдерін кейінге қалдырмау керек. Құрылыс жұмыстары сот шешімімен бекерден-бекер тоқтатылмайды. Сондықтан жосықсыз мердігерлерге заң аясында тиісті шаралар қолданылуы керек. Алдағы уақытта «саны бар, сапасы жоқ» мердігерлер өз мүмкіндігін нақты бағалап барып ғана конкурсқа қатысатын болады,–деп түйіндеді Ербол Қарашөкеев.

Аппаратық кеңес қорытындысы бойынша биыл жоспарланған құрылыс нысандарын бақылап, жұмыстардың сапалы әрі уақытында аяқталуын қамтамасыз ету, тұрғын үйге мұқтаж азаматтарға арналған баспаналарды сатып алуды жеделдету тапсырылды.

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

«САЛАМАТТЫ ҚАЗАҚСТАН»

МЕДИЦИНАЛЫҚ ПОЙЫЗ ҚОСТАНАЙЛЫҚТАРҒА ТЕГІН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДЕ

Ауыл тұрғындарына сапалы медициналық қызмет көрсетуді мақсат еткен «Саламатты Қазақстан» медициналық пойызы Қостанай облысындағы Денисов ауданына келіп жетті. Әлеуметтік жоба аясында іске асырылып жатқан бұл бастама ауыл халқына тегін медициналық көмек көрсетуді көздейді.

Қазіргі таңда пойыз «Денисовка» стансасында тұр. Мұнда құрамында терапевт, хирург, педиатр, кардиолог, невропатолог, ЛОР, офтальмолог, стоматолог, гинеколог, уролог, психолог сынды дәрігерлер және функционалдық диагностика мамандары бар топ жұмыс істеуде.

Медициналық пойыз заманауи жабдықтармен қамтылған. Ауыл тұрғындарына ультрадыбыстық зерттеу, ЭКГ, флюорография, гастроскопия, түрлі зертханалық талдаулар қолжетімді. Қажет болған жағдайда шағын хирургиялық араласулар да жүргізіледі. Бұл қызметтердің барлығы тегін ұсынылады.

Медициналық пойыз Қостанай облысы бойынша бірнеше елді мекенге аялдайды. «Денисовка» стансасынан кейін пойыз өз бағытын облыстың басқа да аудандарына жалғастырады.

Ауқымды әлеуметтік жобаны жүзеге асыруға Денсаулық сақтау министрлігі, «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қоры, сондай-ақ Президент жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия қолдау көрсетіп отыр.

«ST» АҚПАРАТ.

ҮКІМЕТ

БІРТҰТАС, ДӘЙЕКТІ ЛОГИСТИКАЛЫҚ ТІЗБЕК ҚҰРЫЛУДА

Әлемде саяси ахуал ушығып, жер жүзінде геосаяси текетірестер белең алып тұрған, экономикалық дамуға, өзара тиімді сауда-саттыққа тұсау болып отырған қазіргі кезде елімізде өндірілген тауарлар мен шикізаттарды әлемдік нарыққа шығарудың баламалы жолдарын іздестіру мен қалыптастырудың маңызы аса зор. Сондықтан да Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бұл мәселеге қатты мән беріп келеді. Президент «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында көлік-логистика секторын дамыту стратегиялық мәні айрықша басымдық екенін айтса, Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысында Үкіметке «Транскаспий» халықаралық көлік дәлізіне (ТХКД) тура шығатын автокөлік жолының құрылысын бастауды тапсырғанын жеткізді.

Бүгінгі таңда ел Үкіметі осы бағытта жүйелі жұмыс атқаруда. Атап айқанда, Грузияның «Поти» портында «PTC Holding» компаниясы салған, жобалық қуаты жылына 120 мың жиырма футтық эквивалентті құрайтын жаңа қазақстандық контейнер терминалы іске қосылды. Бұл Грузияның негізгі теңіз хабтарының бірінің аумағында жүзеге асырылған алғашқы қазақстандық инфрақұрылымдық жоба «Транскаспий» халықаралық көлік дәлізін дамытудағы маңызды қадам болып отыр.

«Бұл орта дәліз бойынша жүк ағынының көлемін арттыруда маңызды рөл атқаратын бірлескен табысты жұмыстың жарқын мысалы. Аталмыш жоба Қытайдың Ляньюньган және Сиань қалаларындағы логистикалық терминалдарды қоса алғанда, ТХКД шеңберінде Қазақстанның қолданыстағы инфрақұрылымын үйлесімді түрде толықтырып отырғанын атап өту маңызды. Осылайша, Шығыс Азияны Еуропамен байланыстыратын біртұтас, дәйекті логистикалық тізбек құрылуда», — деп атап өтті Премьер-Министр Олжас Бектенов Грузияның экономика және тұрақты даму министрі Мариам Квривишвилимен кездесуінде.

Екі ел арасындағы сауда мен инвестицияларды дамыту, инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру, көлік-логистикалық байланыстарды, оның ішінде «Транскаспий» халықаралық көлік бағыты шеңберінде кеңейту мәселелері қаралған жүздесуде Олжас Бектенов Қазақстан Грузияны тұрақты және өзара тиімді экономикалық әріптес ретінде қарастыратынын атап өтті. Оның жөні де бар. Биыл қаңтар-мамыр айларында екі ел арасындағы тауар айналымы 75,2 миллион долларды құрады, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 35,7 пайызға артық.

Кездесуде бірінші жартыжылдықта елдер арасындағы теміржол жүк тасымалының көлемі 159,5 мың тоннадан асқаны, бұл 2024 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 67 пайызға артық екені айтылды. «Транскаспий» маршрутын дамыту дәліздің тиімділігін арттырып, қосымша транзиттік жүктер мен инвестицияларды тартуға, сондай-ақ Қазақстан мен Грузияның өңірдің негізгі логистикалық орталықтары ретіндегі позициясын нығайтуға мүмкіндік бермек.

Сонымен қатар, Батуми мұнай терминалы мен портының қуатын кеңейту, қазақстандық ауылшаруашылығы өнімдерін грузин нарығына жеткізуді ұлғайту мүмкіндіктері талқыланды. Бұл орайда, Грузияның Экономика және тұрақты даму министрі Мариам Квривишвили Қазақстанмен сауда, туризм және логистикалық инфрақұрылым салаларында әріптестікті кеңейтудің, экономикалық өсімді ынталандыру мен көлік желісін дамытудың маңыздылығын атап өтті.

Енді қос тарап Үкіметаралық комиссия шеңберінде кездесуде қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру бойынша жұмыс атқаратын болады.

Қ. САБЫРҰЛЫ.
Жамбыл облысы.

АБАЙ-180

ҰЛЫ АҚЫН ТОЙЫНА ДАЙЫНДЫҚ ҚЫЗУ ЖҮРІП ЖАТЫР

Абай облысында қазақтың ұлы ойшылы, ғұлама ақын Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойын лайықты деңгейде атап өтуге қызу дайындық жүріп жатыр. Осыған орай, облыс әкімі Берік Уәли Абай ауданына барып, мерекелік іс-шаралар өтетін Қарауылтөбе аумағындағы жұмыс барысымен танысты.

Мерейтойлық іс-шаралардың негізгі бөлігі Қарауылтөбеде өтпек. Мұнда 400 орынды көрермен алаңы бар үлкен дала сахнасы, ұлттық ойындарға арналған ипподром, киіз үйлерден құралған этноқалашық, 2500 шаршы метрлік сауда аймағы және заманауи инфрақұрылымдар (жарық, су, кәріз жүйелері, санитарлық-тұрмыстық нысандар) салынып жатыр. Сонымен қатар, жаяу жүргіншілер жолдары мен қосымша жол инфрақұрылымын салу жұмыстары қарқынды жүргізілуде.

Жобаның барысы туралы облыс басшысына Абай ауданының әкімі Мейіржан Смағұлов, мерейтой штабының атқарушы хатшысы Жанжігіт Омархан, облыстық басқарма басшылары және құқық қорғау, төтенше жағдайлар қызметінің өкілдері есеп берді.

Облыс басшысы сондай-ақ абаттандыру мен көгалдандыру жұмыстары жүргізіліп жатқан Абай саябағында да болды. Осы саябақта мерейтой аясында «Жеті қазына» республикалық фестивалі, «Сұлу әйел» және «Ер жігіт» байқаулары өтеді деп жоспарланған. Бұл іс-шаралар ұлттық салт-дәстүр мен рухани мұраларды насихаттауға бағытталған.

Мерекеге орай, Қарауылтөбеде орнатылатын «Абай елі» атты стелла да облыс әкімінің назарынан тыс қалған жоқ. Бұл мүсіндік композицияны жергілікті кәсіпкерлер өз қаражатына салуда. Композицияда бесік пен домбыра бейнеленіп, «Абай елі» деген терең мағыналы жазу ойылып жазылған.

– Бұл стелла – халқымыздың рухани болмысын бейнелейтін мәнді туынды. Бесік пен домбыра – ұлттық тәрбиенің, өнердің, рухтың символы. Бұл нысан келешекте өңірдің мәдени символына айналары сөзсіз, – деді Берік Уәли.

Сонымен қатар, облыс әкімі «Абай-Шәкәрім» мемориалдық кешенінде жүргізіліп жатқан қалпына келтіру жұмыстарына да арнайы барды. Қазір мұнда «Қазреставрация» мекемесі кесенелерді ағарту, сырлау, жарықтандыру жұмыстарын жүргізуде.

Берік Уәли құрылыс және дайындық жұмыстарының қарқынына оң баға беріп, уақыттың тығыз екенін ескертті. Мерейтойға дейінгі қалған уақыт ішінде барлық нысандарды сапалы әрі белгіленген мерзімде аяқтауды тапсырды.

«ST» АҚПАРАТ.

АГРОӨНЕРКӘСІП

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ӘЛЕУЕТІ АРТЫП КЕЛЕДІ

Жамбыл облысының әкімі Ербол Қарашөкеев өңірдегі агроөнеркәсіп саласының даму қарқынымен танысу мақсатында Байзақ, Жамбыл, Жуалы аудандары мен Тараз қаласындағы бірқатар егістік алқаптарды, су шаруашылығы және өнеркәсіп нысандарын аралады. Іссапар барысында облыс басшысы ауылшаруашылық бағытындағы жобалардың барысын бағалап, жергілікті шаруалармен кездесті.

Жуалы ауданындағы «Теріс-Ашыбұлақ» су қоймасы әкімнің жұмыс сапарының алғашқы нысаны болды. 1963 жылы іске қосылған қойма 158,6 миллион текше метр су жинақтай алады және 21 мың гектардан астам егістік алқапты сумен қамтамасыз етеді. Қазіргі таңда су қоймасына қайта жаңғырту жұмыстарын жүргізу жоспарлануда. Жоба 2026–2028 жылдары «Ислам даму банкінің» қаржыландыруымен жүзеге асырылмақ.

Аймақ басшысы өз сөзінде су ресурстарын тиімді пайдалану мен су үнемдеу технологияларын енгізудің маңыздылығына тоқталды:

– Климаттың өзгеруі мен су тапшылығы мәселесі күн тәртібінен түспейді. Сондықтан заманауи, үнемді технологияларды кеңінен енгізу – ауылшаруашылығының тұрақты дамуының негізгі шарты, – деді өңір басшысы.

Агроөнеркәсіптің келесі бағыты – мал шаруашылығы. Жамбыл ауданына қарасты Көлқайнар ауылында орналасқан «Aznur Agro» кооперативінде 400 басқа арналған тауарлы сүт фермасының құрылысы жүріп жатыр. Кооперативтің меншігінде 223 гектар егістік және 2000 гектар жайылым бар. Алқаптардың бір бөлігіне тамшылатып және жаңбырлатып суару технологиясы енгізілген.

Сондай-ақ облыс әкімі «Нұрлы-жай» шаруа қожалығының жұмысымен танысты. Бұл қожалықта 850 мал, оның ішінде 200 асыл тұқымды ірі қара бар. Қазіргі таңда мұнда тауарлы сүт фермасы бой көтеруде.

– Тауарлы сүт фермалары – аграрлық салада экономикалық тиімділік пен әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ететін маңызды жоба. Мемлекет тарапынан бұл бағытқа қолдау жалғаса береді, – деді Ербол Қарашөкеев.

Облыс әкімі «Қызыл-Дихан» өндірістік кооперативіне де атбасын бұрып, егістік көлемімен танысты. Жалпы көлемі 1510 гектарды құрайтын кооперативтің 1240 гектары егістік алқап болып табылады. Биыл мұнда күздік бидай, жаздық арпа, жүгері, қант қызылшасы мен пияз егіліп, мал азығына арналған көпжылдық шөп те өсірілуде. Айта кету керек, шаруашылық 9 трактор мен басқа да ауылшаруашылық техникаларын сатып алып, өзінің техникалық базасын нығайтып отыр.

Сонымен қатар, іссапар аясында Ербол Қарашөкеев «Тараз» индустриялық аймағында да болды. Мұнда өңірдегі өнеркәсіптік жобаларға арналған дайын алаңдар мен «TRZ Agro» ЖШС-ның көкөніс сақтау қоймасының құрылысы жүргізілуде.

Сондай-ақ облыс басшысы Байзақ ауданындағы «Сеңкібай», «Өтеміс» және Жамбыл ауданындағы «Саза», «Айтақ» су арналарын қайта құру жұмыстарының барысын тексерді. Бұл жобалар егістік жерлердің суару мүмкіндігін арттыруға бағытталған.

Облыс әкімінің жұмыс сапары – агроөнеркәсіп кешенін жаңғырту мен оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру бағытында атқарылып жатқан нақты қадамдардың бір көрінісі. Су ресурстарын ұтымды пайдалану, мал және егін шаруашылығына жаңа технологияларды енгізу арқылы ауыл экономикасын көтеру – өңір басшылығының басты басымдығы болып қала бермек.

Г. ЖЫЛҚЫБАЕВА.
Жамбыл облысы.

ҚОҒАМ ДЕРТІ

МІНДЕТ – ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ТӨЗБЕУШІЛІК МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Сыбайлас жемқорлық қоғам дамуына кері әсерін тигізетін қауіпті індетке айналып отыр. Сондықтан да қауіпті індеттің алдын алу бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі бағдарлама жарияланды. Бұл қоғамды ортақ мақсатқа жұмылдыратын, халық пен билік арасындағы сенімді нығайтатын жемқорлыққа қарсы күресте іс-қимыл бағдарын дәйектейтін құжат болып табылады.

Онда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекет тарапынан атқарылып жатқан іс-шаралар кешенін бұқаралық ақпарат құралдарына кеңінен жариялап, білім беру мекемелерінде, мемлекеттік органдарда, халық арасында жемқорлыққа қарсы күрес бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, қоғам індетіне төзбеушілік мәдениетін қалыптастыру көзделген. Бұл бағытта сала мамандарымен тиісті деңгейде жұмыстар атқарылып жатыр. Десе де, тамырын тереңге жіберген жемқорлыққа тыйым болғанымен, түбегейлі жою мүмкін болмай отыр. Бұл қоғам індетінің дендегенін көрсетеді. Әрине, мұндай әсері теріс құбылысқа толық тосқауыл қою уақыттың еншісінде, кезең кезеңімен реттелетін міндет деп білеміз.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі өткен кеңесте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жемқорлық әрекеті үшін сотталған азаматтарға шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға тыйым салынды. Соттарға, құқық қорғау қызметкерлеріне, пара бергендерге және делдалдарға қатаң жаза қолданылатын болды. Осы және басқа да шаралар айтарлықтай нәтиже беріп, жемқорлық деңгейі төмендеді. Дегенмен, түбегейлі өзгеріс әкелген жоқ. Мұны ашық айтуымыз керек. Азаматтарымыз әлі де күнделікті өмірде сыбайлас жемқорлық жағдайларымен бетпе-бет келуде», деген болатын.

Жемқорлықпен байланысты әрекеттердің төмендеуі қабылданған заң нормалары мен қанатқақты жобалардың нәтижесі және жауапты сала мамандарының табанды еңбегінің жемісі деп түсінгеніміз дұрыс болар. Айтса айтқандай, «Transparency international» сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексіне сай атқарылған жұмыстардың қорытындысы бойынша Қазақстан 40 балға ие болып, 180 елдің арасында 88-орыға тұрақтады. Еліміз бұл көрсеткіште 2023 жылы 93 орында тұрған. Ал, аталған рейтинг тізімі бойынша Өзбекстан - 121, Қырғызстан - 146, Ресей - 154, Тәжікстан 164 орыннан табылған. Бұдан еліміздегі жемқорлыққа қарсы саясаттың дұрыстығын және оның оң нәтижесін бағамдай аламыз.

Жемқорлықтың алдын алу - жауапты сала мамандарына жүктелген міндет ғана емес, жалпыға ортақ жауапкершілік. Өйткені, жемқорлықтың кез келген көріністерін болдырмауға, қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік көзқарасты қалыптастыруға және қоғамдағы құқықтық нилигизмді жоюға біздің қабілетіміз жетеді.

Б. СҮЙІНБАЕВ,
Талас ауданы әкімдігі сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімінің басшысы.
Жамбыл облысы.

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС

ПАРА БЕРУ ДЕ, АЛУ ДА ҚЫЛМЫС

Сыбайлас жемқорлық сөзі латын тілінен аударғанда «corrumpere» - «бұзықтыққа жетелеу» деген мағынаға келеді. Яғни, лауазымды адамның өзінің құзыретін, оған сеніп тапсырылған құқықтарын заңнама мен моральді белгілерге қарама–қайшы келетін өзінің пайдасы үшін пайдалануды білдіретін термин.

Сыбайлас жемқорлық – заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған дерттің бірі.

Сыбайлас жемқорлықтың жиі бой көрсететін, ең қауіпті түрі-парақорлық. Бұл жағдайда бірінші кезекте пара берудің себептерін, пара алудың жағдайларын түп тамырымен жоюымыз қажет. Яғни, пара беру де, алу да қылмыс ретінде саналатындай қоғамдық пікір, сана қалыптастыруымыз қажет. Парақорлық – мемлекеттік аппараттың қалыпты қызмет етуіне бөгет болып, билік және басқару органдарының беделіне нұқсан келтіреді, заңдылық қағидаларын жоққа шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделеріне үлкен әсер етеді.

Жемқорлықпен айналысатын адам өзінің міндеттерін дұрыс орындамай, оны жеке басының табысы үшін пайдаланады. Қоғамның дамуын тежеп, оны арам дүние табуға жұмсайды.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар жүзеге асыруы тиіс. Сыбайлас жемқорлықпен күрес бүгінгі күннің аса маңызды мәселесі. Сыбайлас жемқорлықпен күресте көп нәрсе бүкіл қоғамның белсене атсалысуына байланысты. Әлеуметтік желінің, өзге де медиа-ресурстардың дамуы жағдайында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет барысында оны жалпы жұртшылықтың жек көруі сыбайлас жемқорлықпен күрестің қуатты құралына айналуы тиіс. Бұл дерттің жаппай жойылуы үшін азаматтардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы санасын қалыптастыруымызды жастардан бастауымыз қажет.

Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлықпен барынша күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптасқан жағдайда адам адамгершілікке жат қылықтардан бойын аулақ ұстап, заңға қайшы келетін әрекеттерді жасауға жол бермейді.

«Кеңесіп шешкен істе кемшілік болмайды», «Бірлігі күшті ел азбайды» дейді бабаларымыз. Сол айтпақшы, жемқорлық сияқты елді іштен ірітетін індетті бірлігі бекем мемлекет қана жеңе алады. Сондықтан жемқорлықпен күрес жалқының емес, жалпымыздың міндетіміз екенін бір сәт те ұмытпауымыз қажет.

Г. НАУРЫЗБАЕВА.
Тараз қаласы.

ОТБАСЫЛЫҚ БИЗНЕС

СЫР ӨҢІРІНДЕГІ ЖИҺАЗ ӨНДІРІСІНІҢ КӨШБАСШЫСЫ

Қызылорда қаласында жиһаз өндірісімен танылған «Панабек» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі – табандылық пен еңбекқорлықтың нақты мысалы. Ерлі-зайыпты Амангелді Панабеков пен Айнұр Исмаилова негізін қалаған бұл кәсіп 20 жылдан аса уақыт ішінде қарапайым шеберханадан облыс пен республикаға танымал өндіріске айналды.

«Алғашқы туындым – қыз жасауына арналған сандық болды. Ол кезде небәрі 18 жаста едім. Кейін өз үйімнің ас бөлмесіне жиһаз жасап көрдім. Жұмыстарым жеке компания өкілдерінің назарына ілігіп, алғашқы тапсырыстар солардан түсе бастады. 2003 жылы үйімнің ауласынан 50 шаршы метрлік шағын шеберхана ашып, кәсібімізді ресми түрде бастадық», – дейді кәсіпкер Амангелді Панабеков.

Бүгінде «Панабек» ЖШС Қызылорда облысындағы жиһаз өндірісінің көшбасшысына айналды. Компанияның өнімдері еліміздің түкпір-түкпірінен сұранысқа ие. 2020 жылдан бастап серіктестік Арал, Қазалы, Қармақшы, Шиелі және Жаңақорған аудандарында жаңадан салынған мектептерді жиһазбен қамтамасыз етті. Бұдан бөлек, Қызылорда қаласының Сол жағалауында бой көтерген 900 орынды және «Арай» шағынауданындағы ең үлкен, 1500 орынды мектептердің жиһаздары да осы компания мамандарының қолынан шықты.

Сұраныстың артуына байланысты кәсіпорын ауқымын кеңейту қажеттігі туындады. Осылайша кәсіпкер 5000 шаршы метр аумақта жаңа өндірістік кешен құрылысын қолға алды. Оның 1000 шаршы метрі «көрме-шоурум» ретінде қызмет етеді, ал қалған бөлігі өндіріс цехтарына арналған.

«Қазірдің өзінде 40-қа жуық түрлі жиһаз түрін жасап жатырмыз. Ай сайын 2000-нан 3000-ға дейін өнім шығарамыз. Қолда бар жабдықтармен бұл көлемге әрең үлгерудеміз. Сондықтан жаңа құрал-жабдықтар сатып алу – уақыт талабы болды», – дейді кәсіпкер.

Амангелді Панабековтің өтінішін қараған «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы өндірісті қолдап, 5 жыл мерзімге 6 пайыздық мөлшерлемемен 59 миллион теңге несие бөлді.

«Бұл қаражатқа Қытайдан арнайы әкелінген роботтандырылған станок алдық. Сонымен қатар, басқа да қажетті құрылғыларды шетелдік брендтердің Қазақстандағы өкілдіктері арқылы жеткіздік. Бұл техникалар біздің өнімділігімізді айтарлықтай арттырды», – дейді Амангелді мырза.

Бүгінгі таңда компанияда 60-қа жуық жергілікті тұрғын жұмыс істейді. «Панабек» өнімдеріне Қызылорда облысынан бөлек, Алматы, Астана, Шымкент, Ақтау, Тараз, Орал қалаларынан да тұрақты тапсырыстар келіп түсуде.

Кәсіпкердің ендігі мақсаты – өнімді сыртқы нарыққа шығару. Қазіргі өндірістік қуат пен сапалы жабдықтар бұл мақсатқа жетуге толық мүмкіндік бермек.

Қарапайым 50 шаршы метрлік шеберханадан басталған бұл кәсіп бүгінде мыңдаған шаршы метрді алып жатқан заманауи өндірістік кешенге айналды. Бүгінде «Панабек» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі – елдегі шағын және орта бизнесті дамытудың, табанды еңбектің нақты үлгісіне айналып отыр.

Н. ҒАЛЫМ.
Қызылорда облысы.

ЕҢБЕК АДАМЫ

Тігінші Ақбөпе АСЫЛБЕКҚЫЗЫ:

АЛҒАШҚЫ ТІГІН МАШИНКАНЫ 18 ЖАСЫМДА САТЫП АЛДЫМ

Кез келген өркениетті қоғамның басты қағидаты – еңбек адамын құрметтеу. Біздің кейіпкеріміз де осынау құрметке әбден лайықты жан. Он саусағынан өнер тамған, тігіншіліктен несібесін тауып жүрген Ақбөпе Асылбекқызы талай тағдырдың жолын ашып, ақ арманын ақ мата арқылы жеткізіп жүр. Оның қолынан шыққан сан қырлы, сан түрлі той көйлектері талай жастың арманына арқау болды. Қазір нағыз тойдың маусымы. Сондықтан Ақбөпенің бір сәтке де қолы босай бермейді. Өйткені, ол нағыз еңбек адамы!

Ақбөпе – Алматы іргесіндегі Ұзынағаштың тумасы. Ес білген кезінде ата-анасы Алматыға қоныс аударып, №137 мектепте оқыды. Кейін №17 мектеп-интернатында оқуын жалғастырған Ақбөпенің нағыз оқушылық кезеңі басталады. Білім шаңырағында өткен кездесулер мен әдеби кештерге үзбей қатысқан қыздың қиялы сантарапты шарлайтын. Балалық көңіл дегенді қойсаңызшы, ондай сәтте Ақбөпенің ақын да, әнші де, болғысы келетін. Бірде оқу ордасының басшысы Тоқтар ағайдың «Ақбөпе, осы сенің саусақтарың сондай салалы, түбі сенен не биші, не тігінші шығады», дегені есінде қалыпты. Ондай сәтте Ақбөпе «оқуымды әрі қарай жалғастырсам ба, жоқ жұмыс жасағаным жөн бе?» деп ойланып қалатын.

Ақбөпенің анасы нағыз ісмер, бес саусағынан өнер тамған тігінші болатын. Қызын да жастайынан қолөнерге баулыған.

– Анам сондай еңбекқор кісі. Өзіне небір әдемі киім тігіп алатын. Қазір де өзі тіккен көйлекті кисе болды, бәрі таңдана қарайды. «Осындай әдемі киімді дүкеннен іздеп таппаймыз. Сен қайдан аласың?» деп сұрап жатады. Ондай кезде анам жәй ғана он саусағын көрсетеді, – дейді тігінші қыз.

Жалпы, ол бала күнінен ине-жіпті серік етті. Әжесінің құрақ көрпесіне қызыға қарап өскен Ақбөпе үлкен шеберге айналатынын білмеген де шығар. «Бала күнімде қуыршақтарымды түрлі мата қалдығына орап, оларға көйлек тігетінмін. Ал, өзіме 5-сыныпта оқып жүргенімде әдемі белдемше тігіп алдым. Кейін былғарыдан сөмке, тағы біраз бұйым тіктім. Алғашқы тігін машинканы 18 жасымда сатып алдым», – дейді ол.

Ол 9-сыныптан соң тігіншілік жолды таңдап, анасының ізін жалғады. Анасы өзі тәмамдаған оқу ордасына алып келеді. Алматы сән және дизайн колледжінің «Сәнгер пішуші» мамандығын игерген тігінші бүгінде өз саласының нағыз маманына айналды.

– Колледжде оқып жүрген кезімде жазғы демалысқа шыға сала, сән ательесінде жұмыс істейтінмін. Әлі есімде, алғаш рет жалақымды алғанда маған ақша емес, тапсырыс пен тіккен көйлек сондай ыстық болды. Мен ешқашан ақшаға қызығып, жұмыс істеген емеспін. Жалпы, маған кез келген тапсырыс берушінің эмоциясы ұнайды. Егер тіккен киім ойынан шықса, айнаға қайта-қайта қараумен болады.

Маған киім тігудің қыр-сырын үйреткен шебердің бес жыл бойы тігін цехында тегін жұмыс істеген екен. Есесіне, мол тәжірибе жинапты. Мен де солай етуге тырыстым. Ал, тапсырыс берушілердің көйлектерін үйде отырып-ақ тігетін едім, – дейді кейіпкеріміз.

Бүгінде Ақбөпе тігіншілік кәсібін жалғастырып, өзінің бизнесін ұршықша үйіріп отыр. Оның шағын ғана тігін цехы бар. Сырттай қарағанда, қарапайым көрінетін сырлы есіктің ар жағында талай бойжеткеннің арманына айналған ақ көйлек, көк көйлек, қынама камзол, қос етек көйлектер. Бұған қоса, қуаныш пен қимастықтың куәсі болған ұзатылар қыздың сән-салтанатына арнайы тігілген көйлектер мен ұлттық киімдер дүниеге келді. Бұл – тігінші Ақбөпе Асылбекқызының шағын болса да, шексіз шабытқа толы шеберханасы.

Ақбөпенің есімі бүгінде тек ұлттық киім ғана емес, той көйлектерін тігумен де танымал. Әсіресе, қазақтың салт-дәстүріне сай, қыз ұзатыларда киетін әшекейленген көйлектер оның нағыз шығармашылық қолтаңбасына айналған.

«Қалыңдықтың көйлегі тек әдемі болмауы керек, ол – шаңырақ көтеретін қыздың жаңа өмірге қадамының символы. Әр көйлекті тіккен сайын, сол қыздың анасы, болашақ жары, арманы бәрі көз алдымнан өтеді. Мен үшін бұл жәй ғана жұмыс, яғни тапсырыс емес, жауапты қызмет», – дейді шебер.

Бір қызығы, Ақбөпенің тігін цехына келгендердің талап тілегі әрқилы боп келетін көрінеді. Бірі аппақ матадан көйлек кигісі келсе, бірі көкпеңбек, енді бірі күлгін түсті таңдайды екен.

«Көп қыздар тойдан кейін де киетін көйлек тіккізіп жатады. Бір есептен бұл да дұрыс сияқты. Қазір көп қыздар той көйлекті кейін де, яғни отбасылық кештерде, мерекелерде киюге болатындай етіп тапсырыс береді», – дейді Ақбөпе.

Оның қолынан шыққан көйлекті киген талай қалыңдық бүгінде өз шаңырағында ана атанып отыр. Бұл – Ақбөпенің көзге көрінбейтін, бірақ жүрекпен сезілетін еңбегінің жанғаны. Ақбөпе Асылбекқызының өмір жолы қарапайымдық пен табандылықтың, өнер мен өнегенің айғағы. Ендеше, осындай алтын қолды шеберлерді елге таныстыру – бізге парыз, ал олардың қолтаңбасын сақтау – ұрпаққа аманат.

Р. ЕСКЕНДІР.
Алматы қаласы.

ДИҚАН ЖАЗЫ

ЕРТЕ ПІСЕТІН КАРТОП ҚАРҚЫНДЫ ЖИНАЛУДА



Павлодар облысында картоптың ерте пісіп-жетілетін сұрыптарын жинау басталып кетті. Биыл облыста 460 гектар алқапқа ерте пісетін картоп тұқымы егілген. Олардың 90 пайызы — Павлодар ауданы аумағында. Бүгінде шаруалар күніне шамамен 10-30 тоннадан өнім жинап, өңірдегі сауда сөрелеріне жіберуде.

Облыстық ауылшаруашылығы басқармасының мәліметінше, Павлодар ауданынан бөлек, Ақсудың ауыл аймақтары мен Ақтоғай ауданында да ерте пісетін картоп егіледі. Бұл өнімді диқандар тамыз айының ортасына дейін жинап үлгеруі тиіс.

Павлодар ауданындағы «Скугоревых» шаруа қожалығының басшысы Ольга Скугорева ерте пісетін картоптың бір бөлігін қысқа сақтап та көріпті. Сақталуында ешқандай қиындық тумағанын айтады.

— Алдыңғы жылы тамыз айының соңында үш гектар алқаптан алынған ерте пісетін картопты қысқа сақтауға қалдырдық. Сапасы еш өзгерген жоқ. Өзіміз тұтындық, көктемде сатылымға да шығардық. Жалпы, биыл 30 гектар егістікке ерте пісетін картоп еккенбіз. Алғашқы өнімімізді алып бастадық. Өнімділік жаман емес. Күндер өте картоп та іріленіп, өнімділік те арта түседі, — дейді Ольга Георгардовна.

2001 жылдан бері ауылшаруашылығына бет бұрған диқанның қазіргі жиын-терін жұмыстарына қос ұлы қолғанат көрінеді. Екеуі де ауылшаруашылығы техникасын меңгеріп алған. Одан бөлек, бірқатар тракторшыны өнім жинауға тартуда. Тек алған өнімін сатуда қиындықтар барын жасырмайды.

— Бұрнағы жылдары оңтүстіктің ерте пісетін картобы аяқталысымен біздің өнім нарықта ілесе кететін. Тұрақты тапсырыс берушілерім болатын. Бүгінде нарықты қытайлық картоп жайлап алды. Салдары сезіліп отыр. Қытайдан картоп алып жүрген клиенттерімнің бірі шекарадан өткізуде кедергілер туындағаннан біздің өнімді сатып алуда. Енді клиентім ол көлемді сатып біткенше басқа тапсырыс берушілердің табылғанын күтеміз. Негізі, біздің жергілікті өнім шетелден келгеннен дәмі жағынан әлдеқайда жоғары, — дейді «Скугоревых» шаруа қожалығының басшысы.

Басқарманың ақпаратына сүйенсек, Павлодар ауданында аталған шаруашылықтан бөлек тағы «Наурыз» және «Артамоновых» шаруашылықтары да ерте пісетін картопты жинауды бастап кеткен. Құзырлы орган мамандары бүгінде жергілікті картоптың келісі 230 теңгеден босатылып жатқанын мәлім етті. Көлем көбейген сайын баға да түседі деп болжап отыр.

Картоптан кейін диқандар ерте жетілетін сәбізді жинауға кіріседі. Мамандардың мәлімдеуінше, әдетте, бұл жұмыс тамыз айының алғашқы онкүндігінде басталады. Одан кейін біртіндеп егістік алқаптарындағы жұмыс қыза түседі. Дәнді дақылдар жинау науқаны, малдың қысқы азығын әзірлеу шаруасы іске асады.

Биыл облыста 1,7 миллион гектарға жуық алқапқа дән себілді. Бұл өткен жылғыдан 123 мың гектарға артық. Әдеттегідей, дәнді, майлы және мал азығы дақылдарына ден қойылған. 953 мың гектардан астам алаңға дәнді дақыл егілсе, 395 мың гектардан астам егістікке майлы дақылдар тұқымы себілді. 304 мың гектарды мал азығы дақылдары алып жатыр. Сондай-ақ 26 мың гектарға ел арасында «екінші нан» атанып кеткен картоп тұқымы егілді. Тағы 8,4 мың гектарда көкөніс пен бақша өнімдері өсірілуде.

Г. ТҮГЕЛБАЙ.
Павлодар облысы.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ

ҚАЙТАРЫМСЫЗ ГРАНТ ҚАНАТТАНДЫРҒАНДАР

Кәсіпкерлік саласы, оның ішінде шағын және орта бизнесті дамыту – күн тәртібінен түспейтін мәселелердің бірі. Бұл үшін мемлекет тарапынан қолдау да көп. Жеке бизнестің жемісін көргісі келетін азаматтар қатары да күн сайын көбейіп келеді. Өткен жылдың маусым және тамыз айларында Сарыағаш ауданындағы бірқатар тұрғындар мемлекеттен қайтарымсыз грант алып, өз кәсіптерін бастаған болатын. Жақында аудан әкімі Арман Абдуллаев бірқатар жас кәсіпкерлердің жұмыстарымен танысып, бастаған істеріне сәттілік тіледі.

Әкім алдымен Көктерек ауылдық округінің тұрғыны, отбасылық кәсібін жолға қойған Бағила Худаярованың шаңырағында болып, олардың бизнесімен танысты. Айта кетейік, бұл отбасы бөдене өсіреді. Ерекше күтімді қажет ететін баланы тәрбиелеп отырған ана 2024 жылдың маусым айында 1 476 800 теңге көлемінде мемлекеттен грант алып, бөдене өсіруді қолға алыпты. Үй жағдайында кәсібін дөңгелетіп отырған Бағила алғашқы қаражатқа 1000 бөдене мен қажетті құрал-жабдықтарды сатып алған. Жас кәсіпкер айына 2500-3000 дана бөдене жұмыртқасын, оған қоса бөдене етін Көктерек ауылдық округіндегі шипажайларға өткізеді екен.

Одан кейін аудан басшысы көп балалы әке Азамат Тілепбаевтың цехымен танысты. Ол ат әбзелдерін жасайды. Жас кәсіпкердің айтуынша, ат әбзелдеріне деген сұраныс күннен күнге артып келеді.

Сонымен қатар, аудан әкімі Гаухар Мұратованың тігін цехының жұмысына оң баға берді. Көп балалы ана былтыр тамызда мемлекеттік қолдауға ие болып, тігін цехын ашқан. Цехта балаларға арналған киімдер тігіліп, еліміздің түкпір-түкпіріне тасымалданады. Жас кәсіпкер алдағы уақытта тігін фабрикасын ашуды жоспарлап отыр екен.

Жаңа жобалар – табыс көзі ғана емес, ол сонымен қатар, аудан экономикасының дамуына және әлеуметтік мәселелердің оң шешілуіне үлес қосады деп күтілуде.

Г. АЙХОДЖАЕВА.
Түркістан облысы.

ҚАРАПАЙЫМ ЗАТТАР ЭКОНОМИКАСЫ

ҮЙ ІРГЕСІН БАҚҚА АЙНАЛДЫРҒАН ВЕТЕРИНАР

Ауылдың әр күні – еңбекпен өрілген өмір. Таң сәріден мал қамына кірісетін ауыл адамдары үшін төрт түліктің амандығы – басты байлық. Осы малдың жайын біліп, жанын ұғып, тіпті сырқаттанғанда жедел жәрдемін де көрсететін бір маман иесі бар – ол мал дәрігері. Бұл – жануар тілін білетін, табиғатпен үндес мамандық. Осындай жауапкершілікті арқалап жүрген жанның бірі – Үлкен Сұлутөр ауылының тұрғыны Мұқан Алтынбеков.

Ол 1955 жылы Қарасай ауылдық округіне қарасты Еңбек ауылында дүниеге келген. 1972 жылы Михайловка орта мектебін тәмамдаған соң, болашақ мамандығын көп ойланбай таңдаған. Себебі, бала күнінен төрт түлікке, табиғатқа жақын болып өскен. Осы ниетпен Красногор совхоз техникумына «ветеринария» мамандығына түсіп, 1975 жылы оқуын аяқтайды. Дәл сол жылы өмірлік жары Айымхан Үмбетова екеуі шаңырақ көтеріп, еңбек жолын да, өмір жолын да қатар бастаған. Мұқан аға еңбек жолын Отардағы ветеринарлық стансада бастап, 1979 жылы Үлкен Сұлутөрге қоныс аударады. Осы ауылға қызметін арнаған азамат 40 жыл бойы Красногор мал дәрігерлік бөлімінің меңгерушісі қызметін абыроймен атқарады. Бұл жылдар – сансыз шақырту, күн-түн демей орындалған міндет, егіс басында, қора-қопсыда өткізілген еңбекке толы сәттер.

– Мал дәрігері болу дегеніңіз – бір күндік жұмыс емес, бұл – өмір салты. Ауру малдың көзіне қарап-ақ жағдайын аңғарасың. Жаздай жайлауда, қыстай қорада жүрген мал иелері бізге сеніп тапсырады. Сен сол сенімге сай болуға тиіссің. Біздің жұмыс–ел амандығына, халық нәсібіне тікелей әсер етеді, – дейді Мұқан аға.

Мұқан Қасқатайұлы ауыл ішінде үлкен беделге ие. Тұрғындар оны тек білікті маман ғана емес, сабырлы, артық сөзі жоқ, істің адамы ретінде бағалайды. Жайылымда мал жоғалса да, туған бұзауға екпе керек болса да, кімнің малы ауырып қалса да – бәрі бір ғана есімді атайды: «Мұқан ағаға хабар бер!».

Мұқан ветеринария саласында басшылық еткен білікті ұйымдастырушы да. Ауылдағы ветеринарлық қызметтің үздіксіз жүруін қамтамасыз етіп отырды. Ал, жары Айымхан 1979 жылдан бастап ауылдық амбулаторияда медбике болып қызмет етіп келеді. Жұбайлардың екеуі де денсаулық сақтау саласында – бірі малдың, бірі адамның қамын жасап, өмір бойы ауылға қалтқысыз еңбек етуде.

2018 жылы зейнетке шыққанымен, Мұқан қол қусырып қарап отырмады. Үй іргесіндегі жерге 60 түп апорт сортты алма ағашын отырғызып, бүгінде жемісін теріп отыр. Қазір оның шағын бау-бақшасында алмадан бөлек өрік, шие, алмұрт ағаштары да жайқалып тұр.

Ерлі-зайыпты Алтынбековтер бір ұл, бір қыз тәрбиелеп, бүгінде 9 немеренің қызығына бөленіп отыр. Олар «Еңбектің наны тәтті» деген нақылды өмірімен дәлелдеп жүрген отбасы.

С. МҰХАДИНҚЫЗЫ.
Жамбыл облысы.

ИМАН

СЫР САҚТАУ – АР МЕН ҰЯТТЫ САҚТАУ

Дін өкілі ретінде де, қарапайым тұрғын ретінде де айтарым, сырды ешкімге айтуға болмайды. Себебі, біреуге айтылған сыр ертең-ақ елге жария болады. «Дұшпанға шыныңды айтсаң да, сырыңды айтпа» деген нақыл осыдан қалса керек. Сырыңды тыңдағанның бәрі дұшпан емес, әрине. Сөздің ретімен айтылып жатыр. Жалпы, сыр деген адамның өз ішінде өте құпия болып қалуы керек.

Хакім Абай бір өлеңінде:

Ақыл сенбей сенбеңіз,
Бір іске кез келсеңіз.
Ақсақал айтты, бай айтты,
Кім болса, мейлі, сол айтты
– Ақылменен жеңсеңіз.
Надандарға бой берме,
Шын сөзбенен өлсеңіз, - деуі де сондықтан.

Шығыс шайырларының бірі Сағди да осынау тақырыпты айналып өтпеген екен. «Сырыңды біреуге айтып, сақта дегеннен гөрі, сырыңды ешкімге айтпаған мақұл. Арық тасып кетсе, байлап болмайды. Суды басынан қайтарған дұрыс», – деп өсиеттейді әйгілі шайыр.

Бұл туралы ислам дінінде үлгілі ізін қалдырған Әнас Ибн Мәлик те ой қозғаған. «Алла Елшісі мені бір шаруамен жұмсаған болатын. Сол себепті анамның алдына кешігіп бардым. Үйге келген кезде анам менен «Неге кешіктің?» деп сұрады. «Алла Елшісі мені бір шаруамен жұмсаған еді. Сол себепті сізге уақытылы үлгере алмадым», деп жауап бердім. «Ол қандай шаруа?», – деп сұрады анам. «Бұл–сыр. Алла Елшісі сырларыңды ешкімге айтпа деді», – деп жауап қаттым. Анам түсінді» деп жазып қалдырды Әнас Ибн Мәлик.

Ибн Мәлик пен анасы арасындағы осы әңгіме де кейінірек біраз талқыға түскен. Кейбір дін ғалымдары бұл сырдың Пайғамбардың отбасына қатысты болуы мүмкін екенін, әйтпесе оны анасынан жасыру Әнасқа халал болмайтынын айтқан. Ибн Баттал өзінше ой таразылайды. «Әһлу ілімнің пікірінше, иесіне зиян тигізетін сырды ашу мубах емес. Бірақ, адам өлген соң, тірі кезінде құпия болған жайттардың сыр тұтылуында қажеттілік жоқ. Бірақ, ол адамның абыройына нұсқан келтірмеуі шарт», – дейді ол.

Сыр сақтау – ар мен ұятты сақтау. Мейлі өзінікі, мейлі басқанікі болсын, кім сырды сақтаса, ұяты мен абыройын сақтағаны. Ал, кім оны жұртқа жарияласа, өзінің қадір-қасиетін аяққа таптағаны болып саналады.

Әр адамның өзіне тән, отбасына тән, қоғам мен халыққа тән сыры болады. Адамның жеке басына тән сыр жария болса, адамның ар-намысы аяққа тапталады. Қоғамға тән құпияның жібі сөгілсе, ұлттық мүддеге нұсқан келеді. «Ұлы істерді үндемей бітіруге болады», депті Шыңғыс хан. Ал, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы «Ұшқан құсты торға түсіретін, жүгірген аңды орға түсіретін тамақ екен. Жұтқан тамағына ие болған адам торға да түспейді, орға да түспейді. Осы күнгі «Адаммын» деп жүрген адамдардың жауы иегінің астында болып кетті. Ол жауы не десеңіз, жұтқан тамағы. Жалғанда мазаққа, ахретте азапқа түсіретін – тамақ. Тамақтан қажет жерінде тартынған кісі көп кедергіден алыс болады», дейді.

Сыр да сондай. Сырды сақтай білу – үлкен кісілік, адамгершілік. Бұл өмірде барлық нәрсенің шегі мен шекарасы бар. Ал, сырды сақтап, жақын адамдарыңды бағалай білу – жақсы қасиет. Ендеше ойымыздан имандылық, бойымыздан жақсы қасиеттер кетпесін.

С. МЕДЕТБЕК.
«Жуалы» мешітінің бас имамы.
Жамбыл облысы.

ҚОҒАМ ҚАУІПСІЗДІГІ

ЗАҢСЫЗ ТАСЫМАЛҒА – ЗАҢДЫ ЖАУАП

Ағымдағы жылдың 21 шілдесінен бастап елімізде «Тасымалдаушы» республикалық жедел-профилактикалық іс-шарасы басталды. Бұл іс-шараның мақсаты – жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жолаушылар мен жүктерді заңсыз тасымалдау деректерін анықтау және жолаушылар тасымалы саласындағы заңнама талаптарының сақталуын бақылауды күшейту.

Жол қауіпсіздігі – әрбір азаматтың өмірімен тікелей байланысты. Сондықтан бұл бағытта жүйелі түрде рейдтік шаралар ұйымдастырылып келеді. Биылғы акция барысында полиция қызметкерлері, көлік инспекциясы, мемлекеттік кірістер органдары мен қоғам белсенділерінен құралған мобильді топтар арнайы бақылау жүргізіп, заң бұзушылықтарды анықтауға және олардың алдын алуға күш салуда.

Ерекше назар – заңсыз жолаушы тасымалдаумен айналысатын жүргізушілер мен тіркелмеген автобекеттердің қызметіне аударылып отыр. Көп жағдайда мұндай тасымал заң талаптарына сай келмейтін, қайта жабдықталған немесе техникалық ақауы бар көліктермен жүзеге асырылады. Бұл–жолаушылардың өміріне тікелей қауіп төндіреді.

Тексерулер барысында оң жақ рульді, есік саны талапқа сай емес, қолмен басқарылатын көлік құралдарын пайдалану арқылы жолаушы тасымалдаумен заңсыз айналысу деректері де анықталуда. Сонымен қатар, такси қызметі саласындағы рұқсатсыз жұмыс істеу мәселесі де басты назарда. Әсіресе, әуежай мен теміржол вокзалы сияқты адамдар көп шоғырланған орындарда қауіпсіздікке селқос қарау жиі кездеседі.

Іс-шара аясында көші-қон заңнамасын бұзған шетел азаматтары да назардан тыс қалмайды. Заңсыз тасымалдаумен айналысатын көлік жүргізушілерімен бірге, ел аумағында рұқсатсыз қызмет көрсетіп жүрген тұлғаларға қатысты да әкімшілік шаралар қолданылады.

Полиция қызметкерлері жол қозғалысы ережелерін өрескел бұзу деректерін де назардан тыс қалдырмай отыр. Атап айтқанда, көлікті мас күйінде басқару, жылдамдықты арттыру, рұқсат етілмеген жерден басып озу, жаяу жүргіншілер өткелдерінен өту ережелерін бұзу, қауіпсіздік белбеуін тақпау, балаларға арналған арнайы құрылғыларды пайдаланбау секілді ережелердің сақталуына қатаң бақылау жүргізілуде.

Рейд нәтижелері бойынша анықталған барлық заң бұзушылық деректері «Қорғау» ақпараттық жүйесіне уақтылы енгізілуде. Бұл құқықбұзушыларды нақты тіркеп, заң аясында тиісті әкімшілік шаралар қолдануға мүмкіндік береді.

Осындай кешенді шаралар тек құқықбұзушылықты анықтап қана қоймай, жалпы қоғамдық тәртіп пен азаматтар қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. Еліміздің әр аймағында қолға алынған «Тасымалдаушы» жедел іс-шарасы жолаушы тасымалы саласындағы тәртіпті күшейтіп, қауіпсіздіктің деңгейін арттырады деген сенім бар.

А. ӘБІЛ.
Жамбыл облысы.

ОҚУ-ЖАТТЫҒУ

ЕМДЕУ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК ПЫСЫҚТАЛДЫ

Жамбыл облысының Қордай ауданында азаматтардың өмірі мен денсаулығын қорғауға бағытталған жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Соның ішінде медициналық мекемелерде қауіпсіздікті қамтамасыз ету – басты назарда. Осы мақсатта Қордай аудандық орталық ауруханасының бастамасымен аудан аумағындағы емдеу мекемелерінде өрт қауіпсіздігі мен терроризмнің алдын алу бағытында кешенді оқыту сабақтары өткізілді.

Аталған іс-шараға техникалық қауіпсіздік инженері И.Данилович пен азаматтық қорғаныс жөніндегі инспектор А.Байгубенов арнайы шақырылып, олар аурухана қызметкерлері мен ауылдық амбулатория мамандарына теориялық әрі практикалық дәрістер жүргізді. Оқу-жаттығу барысында өрттің туындау себептері мен одан қорғану амалдары, эвакуация жоспарын нақты орындау тәртібі, алғашқы өрт сөндіру құралдарын пайдалану жолдары жан-жақты түсіндірілді. Сондай-ақ күдікті заттар табылған жағдайда қандай іс-әрекеттер жасалуы керектігі туралы нақты мысалдар келтіріліп, алгоритмдер ұсынылды.

Маңыздысы – бұл жаттығулар тек қағаз жүзінде қалмай, іс жүзінде де жүзеге асырылды. Медициналық қызметкерлер қауіпсіздік ережелерін тәжірибе жүзінде қайталап, жаттығу кезінде белсенділік танытты. Қатысушылар эвакуация процесіне қатысып, түрлі төтенше жағдай кезіндегі іс-қимылдарын пысықтады.

Медицина саласы – адам өмірін сақтаумен қатар, өз қызметкерлерінің де қауіпсіздігін қамтамасыз етуді талап ететін сала. Осы тұрғыдан алғанда, мұндай шаралар — кәсіби білім мен дағдыны қауіпсіздік мәдениетімен ұштастырудың тиімді жолы.

Аудандық орталық аурухана басшылығы осындай іс-шаралар тұрақты түрде жалғасатынын мәлімдеп отыр. Бұл өз кезегінде аудан көлемінде төтенше жағдайлардың алдын алуға және азаматтардың қауіпсіздігін арттыруға бағытталған маңызды қадам болып табылады.

«ST» АҚПАРАТ.

ШЕКАРАДА ТЕМЕКІ КОНТРАБАНДАСЫ ТОҚТАТЫЛДЫ

Жамбыл облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті құқық қорғау органдарымен өзара тығыз іс-қимылда мемлекеттік шекара арқылы темекі өнімдерін заңсыз тасымалдау фактілерін анықтау және жолын кесу бойынша жүйелі жұмыс жүргізіп келеді.

2025 жылдың алғашқы алты айында облыс аумағында осындай 11 факт тіркеліп, 1 492 439 қаптама темекі өнімдері тәркіленді. Контрабанданың келесі бір фактісі 2025 жылғы 16 шілде күні сағат 20:40-та тіркелді. Жамбыл облысы бойынша ҚР ҰҚК Шекара қызметі департаментінің әскери қызметшілері мен Жамбыл облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің қызметкерлері бірлесіп, темекі өнімдерін заңсыз әкелу әрекетінің жолын кесті. Қордай ауданы аумағындағы «Қасық» шекара бөлімшесінде әртүрлі атаумен, соның ішінде «Oris» маркасымен 7830 қаптама темекі тәркіленді.

Келесі заңсыз тасымалдау әрекеті 2025 жылғы 19 шілде күні түнгі сағат 01:30-да тіркелді. Қордай ауданының «Қарасай батыр» шекара бөлімшесінде тағы 5 000 қаптама «Oris» темекісі әкелінбек болғаны анықталып, жолы кесілді.

Алдын ала есеп бойынша бұл өнімдерге тиесілі акциздік салық сомасы 1 590 000 теңгені құрайды.

Аталған фактілер бойынша материалдар Қордай ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасына Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, процессуалдық шешім қабылдау үшін жолданды.

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК КІРІСТЕР ДЕПАРТАМЕНТІ.

ОЧЕРЕДНАЯ ТАБАЧНАЯ КОНТРАБАНДА ЗАДЕРЖАНА НА ГРАНИЦЕ: ДВА СЛУЧАЯ ЗА ТРИ ДНЯ

Департамент государственных доходов по Жамбылской области в тесном взаимодействии с правоохранительными органами систематически проводит работу по выявлению и пресечению фактов незаконного перемещения табачной продукции через государственную границу.

За шесть месяцев 2025 года на территории области выявлено 11 подобных фактов, в ходе которых было изъято 1 492 439 пачек сигарет.

Очередной случай пресечения контрабанды зафиксирован 16 июля 2025 года в 20:40. Военнослужащими Департамента Пограничной службы Комитета национальной безопасности Республики Казахстан по Жамбылской области совместно с сотрудниками Департамента государственных доходов по Жамбылской области была предотвращена попытка незаконного ввоза табачной продукции.

На участке пограничного отделения «Касык» Кордайского района было обнаружено и изъято 7830 пачек сигарет различных наименований, в том числе под маркой «Oris».

Следующий факт попытки незаконного перемещения табачной продукции зафиксирован в ночь на 19 июля 2025 года. В 01:30 на участке пограничного отделения «Қарасай батыр» Кордайского района была пресечена ещё одна попытка ввоза табачных изделий на территорию Республики Казахстан.

В результате совместных действий было изъято 5000 пачек сигарет марки «Oris». По предварительным расчётам, сумма акцизов на данную продукцию составляет 1590000 тенге.

Материалы по указанным фактам переданы в Управление государственных доходов по Кордайскому району для дальнейшего рассмотрения и принятия процессуального решения в соответствии с действующим законодательством.

ДЕПАРТАМЕНТ ГОСУДАРСТВЕННЫХ ДОХОДОВ ПО ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ.

Құсмұрын кентінде «Құсмұрын жылу энергетикалық компаниясы» МКК-ның өтінімі бойынша жария тыңдау өтеді

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қостанай облысы бойынша департаменті магистральдық құбырлар мен тарату желілері (Құсмұрын ауылы) арқылы су беру қызметтеріне «Құсмұрын жылу энергетикалық компаниясы» МКК-ның тариф жобасын талқылау бойынша жария тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды.

Жария тыңдау **2025 жылдың 29 шілдіде сағат 11.00-де** Қостанай облысы, Құсмұрын ауылы, Карл Маркс көшесі 46 мекенжайы бойынша өтеді.

«ZOOM» қосымшасы арқылы жария тыңдауға қосылу нөмірі - Конференция идентификаторы: 871 132 2725, Кіру коды: gQQB4P.

Анықтама телефондары: 8 (7142) 54-11-52, 54-28-76.

В поселке Кушмурун пройдет публичное слушание по заявке ГКП «Кушмурунская теплоэнергетическая компания»

Департамент Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Костанайской области сообщает о проведении публичного слушания по обсуждению проектов тарифов ГКП «Кушмурунская теплоэнергетическая компания» на услуги по подаче воды по магистральным трубопроводам и распределительным сетям (поселок Кушмурун).

Публичное слушание состоится **29 июля 2025 года в 11.00 часов** по адресу Костанайская область, п.Кушмурун, ул. Карла Маркса 46.

Номер для подключения к публичному слушанию посредством «ZOOM» - Идентификатор конференции: 871 132 2725, Код доступа: gQQB4P.

Справки по телефонам: 8 (7142) 54-11-52, 54-28-76.

SALYQ TÁRTIBI
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

БАС РЕДАКТОР
Ғалым ҚАСАБАЙ

МЕНШІК ИЕСІ: «САЛЫҚ ТӘРТІБІ» газетінің редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 2018 жылғы 20 желтоқсанда қайта тіркеліп, №17405-Г куәлігі берілген.

Индекс 65604

Мақала авторларының пікірлері редакцияның көзқарасына сай келе бермеуі мүмкін. Қолжазбаға пікір айтылмайды және авторға қайтарылмайды.

ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНА ТАРАЙДЫ

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
080003, Тараз қаласы, Төле би көшесі, 36 «Б», тел.: 8 /7262/ 45-34-52, факс: 43-56-97
e-mail: saltar61@mail.ru
Электрондық сайтымыз: www.salyq-gazet.kz
Басылым аптасына 3 рет шығады.
Таралымы 17 357
Апталық таралымы 52 071

ГАЗЕТ «Қанатты қалам әлемі» ЖШС-нің баспаханасында теріліп, басылды
080003, Тараз қаласы, Төле би көшесі, 36 «Б»

Тапсырыс 464